



Қазақстан Іскерлік белсенділік индексі

Наурыз 2022 жыл



Мазмұны

01

Іріктеме туралы ақпарат

02

Бірлестірілген Іскерлік белсенділік индексі экономика бойынша

03

Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік индексі

04

Іскерлік белсенділік индексі Қазақстан аймақтары бойынша

05

Басқа мемлекеттердің PMI индексі


06

Бизнес-ахуал индексі

01

Іріктеме туралы ақпарат


2022 жылғы наурыздағы респонденттердің саны – **465 кәсіпорын**.



- *Іскерлік белсенділік индексі - кәсіпорындардың экономикалық көрсеткіштеріндегі нақты өзгерістер мен олардың болашақтағы өзгерістеріне қатысты сұрақтарға жауаптарының жиынтығын қамтитын құрама индексі.*
- *Қазақстан Ұлттық Банкі ай сайын нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындарға сауалнама жүргізеді*



Респондент - кәсіпорындардың салалық құрамы



Респондент - кәсіпорындардың өлшемдік құрамы






02

**Экономика
бойынша іскерлік
белсенділік
индексі (ІБИ)**

Экономика бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



2022 жылғы наурыздағы нақты сектордағы 465 кәсіпорынға жүргізілген ай сайынғы сауалнаманың нәтижелері бойынша іскерлік белсенділік индексі төмендеу аясына өтіп **48,3** құрады (ақпанда – 50,6).

Құрылыс саласында индекс **47,1**, қызмет көрсету секторында **48,4**, өнеркәсіпте **48,2** деңгейінде қалыптасты (ақпанда – тиісінше 46,0, 50,6 және 51,4).

* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.



Экономика бойынша бірлестірілген іскерлік белсенділік индексі – келесі үш сектордың ЖІӨ-дегі жалпы қосылған құн үлесі бойынша салмақтанған мәні



Экономика бойынша ІБИ

48,3



Құрылыс секторы бойынша ІБИ

47,1



Қызмет көрсету секторы бойынша ІБИ

48,4



Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ


48,2



03

**Секторлар
бойынша іскерлік
белсенділік
индексі (ІБИ)**

Секторлар бойынша іскерлік белсенділік индексі (ІБИ)



Өнеркәсіп пен қызмет көрсету секторында индекс тиісінше 48,2 және 48,4 құрап (ақпанда – тиісінше 51,4 және 50,6), төмендеу аясына өтті.

Құрылыста индекстің мәні 47,1-ге дейін өсті (ақпанда-46,0), бірақ әлі де төмендеу аясында қалып отыр.

Қарастырылып отырған секторлардың бәрінде индекс 50 ден төмен.

* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.



Секторлар бойынша Іскерлік белсенділік кәсіпорындардың келесі көрсеткіштерінің жиынтығы ретінде есептеледі

Өнеркәсіп секторы бойынша ІБИ

Тауарлық-материалдық қорлар

Жаңа өнім

Жеткізу мерзімі

Жұмыспен қамту деңгейі

Жаңа тапсырыстар


Іскерлік белсенділік

Құрылыс секторындағы ІБИ


Қызмет көрсету секторындағы ІБИ

04 Қазақстан аймақтары бойынша Іскерлік белсенділік индексі

2022 жылғы наурыздағы аймақтар бойынша ІБИ



2022 жылғы ақпан – наурыздағы ІБИ динамикасы



Қазақстан аймақтары бойынша кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің жақсаруы 7 өңірде орын алды: Түркістан (55,4), Маңғыстау (54,2), Павлодар (52,9) облыстарында, Алматы (52,4), Шымкент (51,3), Нұр-Сұлтан (50,5) қалаларында және Ақтөбе (50,4) облысында.


Іскерлік белсенділіктің төмендеуі 10 өңірде орын алды: Солтүстік Қазақстан (40,0), Алматы (43,1), Шығыс Қазақстан (44,5), Қызылорда (46,1), Қостанай (46,2), Қарағанды (46,9), Ақмола (48,1), Жамбыл (48,1), Атырау (48,1) және Батыс Қазақстан (49,8) облыстарында.



05

**Басқа
мемлекеттердің
PMI индексі**

Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің жиынтық PMI индексінің динамикасы



05.04.2022ж. мәліметтер

Дереккөз: <https://tradingeconomics.com>; <https://www.markiteconomics.com>

Түркия және Голландия бойынша өнеркәсіптегі PMI




06

**Бизнес-ахуал
индексі (БАИ)**


БИЗНЕС-АХУАЛ ИНДЕКСІ (БАИ) Ағымдығы жағдайды бағалау

Ағымдағы жағдайды бағалау, жауаптар теңгерімі (ЖТ)*



*Жауаптар теңгерімі (ЖТ) - ағымдағы айдағы бизнес ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Кәсіпорындар ұсынылған жауаптардың бірін таңдайды «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Үлестер салмақтанып есептелінеді. Индекс мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.

Бизнес-ахуалды бағалау факторлары (ЖТ*)



2022 жылғы наурызда кәсіпорындардың бағалауы бойынша бизнесті жүргізудің ағымдағы ахуалы нашарлады: оң және теріс жауаптар арасындағы жауаптар теңгерімі (-)9,3 құрады (ақпанда - (-)2,4), барлық секторларда нашарлау байқалды.

Бизнес-ахуалды бағалаудың барлық факторлары бойынша теріс жауаптар басым болды. Салық жүктемесінің бағасы ақпан айындағы (-)5,5-тен (-)3,4-ке дейін жақсарды, бірақ әлі де теріс болып отыр. Сұраныс айтарлықтай өзгерген жоқ (-3,8). Респонденттердің бағалауы бойынша қалған факторлар (инфрақұрылым, қаржы/несиенің қол жетімділігі және бизнесті қорғау мәселелері) біршама нашарлады.

Бизнес-ахуал индексі (БАИ)

Бизнес-цикл «сағаты»

Бизнес-цикл «сағаты»



Экономика бойынша

Құрылыстағы

Қызмет көрсетудегі

Өнеркәсіптегі

БАИ

БАИ

БАИ

БАИ

-7,2


-14,4

-8,1

-4,4

Көтерілу аймағы

Өсу аймағы



2022 жылғы наурызда респонденттердің деректері бойынша **ағымдағы** және **болашақтағы** бизнес жағдайды бағалау бойынша жауаптар теңгерімі теріс мәнге ие болды (тиісінше, **-9,3** және **-5,2**). Нәтижесінде бизнес-цикл "сағатының" индикаторы **құлдырау** аймағына ауысты.

Ағымдағы және болашақтағы бизнес-жағдайдың орташа бағасы болып табылатын **бизнес-ахуал индексі** айтарлықтай төмендеп, экономикада **(-7,2)** құрады (ақпанда - 11,4). БАИ құрылыста **(-11,4)** құрады. Қызмет көрсету және өнеркәсіп секторларында көрсеткіштер тиісінше **(-8,1)** және **(-4,4)** құрады.

Құлдырау аймағы

Төмендеу аймағы

Болашақ жағдай

Ағымдағы жағдай

Бизнес-ахуал индексі (БАИ)

Ағымдағы экономикалық жағдай (АЖ)

Болашақ экономикалық жағдай (БЖ)


$$БАИ^* = \sqrt{(\text{ЖБ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖБ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

ЖБ – жауаптар балансы

АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

*БАИ, Ifo институтының әдістемесіне сәйкес, жауаптар балансының орташа геометриялық мәні



Әдіснамалық түсініктеме

- ✓ Ақпарат нақты сектор мониторингiне қатысатын кәсіпорындардың ай сайынғы сауалнама нәтижелері бойынша дайындалған;
- ✓ Іскерлік белсенділік индексі есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) қолданылады. Ол оң жауаптар мен қалыпты жауаптар үлесінің жартысының қосындысы ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады;
- ✓ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордан тазартылған;
- ✓ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазарту мен ЖІӨ-дегі салалық жалпы қосылған құн үлесін қайта бағалау себінен индекстердің мәні өзгеруі мүмкін.
- ✓ Бизнес - ахуал индексі мен бизнес-цикл «сағаты» Ifo институтының (Германия) әдістемесіне сәйкес жасалған.

Ақша-кредит саясаты департаменті
ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ